

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 31 (9349) | 1954 жылғы 9 февраль Сейсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Совхоз қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың

Барлық совхоз жұмысшыларына, жұмысшы әйелдеріне, мамандары мен қызметшілеріне Ү Н Д Е У І

Қымбатты жолдастар!

Біздер, совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылар, Отанымыздың астанасы — Москвадан сіздерге сөзімізді арнаймыз. Осында, Кремльдің Үлкен Сағайында, біз СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының ССРО ауыл шаруашылығын оған сайын өркендету туралы қаулысын совхоздардың орындауының барысын талқыладық, жұмыс тәжірибесін ортаға салдық және совхоздардың жұмысын негізінен жақсарту, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін едәуір ұлғайту жөнінде шаралар белгіледік.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығының барлық салаларын мықтап өркендетудің әрістетілген программасын белгіледі. Бұл программапы жүзеге асыру таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының азық-түлік жөніндегі, ал, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі өсіп отырған тілегін жеткілікті қанағаттандыруға, бүкіл совет халқының анағұрлым жоғары материалдық әлауқат дәрежесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы бүкілхалықтық маңызды міндетті орындауда совхоздарға үлкен роль жүктеледі. Бірінші дәрежелі техникамен жабдықталған біздің совхоздарымыз жер өңдеуді, тұқым себуді және егін жыйнауды механикаландырудың жоғары дәрежесіне жетті. Мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жылдан-жылға кеңейтілуде. Ауылшаруашылық ғылымының және практиканың табыстарын кеңінен қолдана отырып, озат совхоздар барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан 20—25 центнер және одан да көп астық, 28—30 центнер мақта, 250—300 центнер картоп, 400—500 центнер өсімдік және 600—800 центнер малазындық тамыр-жемістерін алуға. Бірсыпыра облыстардың, өлкелердің, республикалардың совхоздары өткен жылы әрбір сыйырдан 3 мың килограмнан артық сүт сауды; озат совхоздарда әрбір сыйырдан 4—5 мың килограмнан артық сүт алынды. Ставрополь өлкесінің және Грозный облысының совхоздарында өткен жылы биязы жүнді бір қойдан қыркын алынған жүн орта есеппен 6,1 килограмм болды.

Алайда, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы әбден дұрыс атам көрсеткеніндей, совхоздардың жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Совхоздар әлі үлгілі және жоғары рентабельді социалистік шаруашылықтарға айналған жоқ.

Совхоз өндірісін өркендетудің орасан мол резервтерінің пайдаланылуы нашар. Көп совхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы және мал шаруашылығының өнімділігі төмен, несиәдікке, үлкен тиімсіз шығындар жасауға, ақша қаржысы мен материалдарды артық жұмсауға жол берілуде, өнімнің іс жүзіндегі өзіндік құны қымбат. Көп совхоздар жақсы өндірістік құрылыстармен қамтамасыз етілмеген, көбінесе мал жабайы, жайсыз қораларға орналастырылған. Мал шаруашылығының, совхоз өндірісінің бірқатар басқа да салаларының еңбекті көп керек ететін жұмыстарын механикаландыру ісі мықтап артта қалуда, тұрғын үй құрылысының жүргізілуі нашар және оның көлемі жеткіліксіз.

Көп совхоздардың астық, техникалық дақылдар, өсімдік, картоп, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру үшін жерді пайдалануы қанағаттанғысыз. Дұрыс жоспарламаудың салдарынан Оңтүстік пен Оңтүстік-Шығыс совхоздарының едәуір бөлегінде көлемді егістік жерлерге өнімді аз беретін шөптер егілген. Сайын келгенде, осының салдарынан астық өндірісін молайту және мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасау ісіне көдергі келіп отыр. Көлемді шұрайлы жерлері бар жылқы заводтарының жер көлемін пайдалануы өте нашар. Совхоздар

Горький атындағы совхоздың, өсімдік шаруашылығының басқа да озаттарының жұмыс тәжірибесін өндіріске кеңінен енгізу керек, быйылғы жылы картопты шарпы-ұялап отырғызу әдісін, өсімдік дақылдарын егудің және отырғызудың шарпы-ұялап және шарпылап егу әдісін барлық жерде бірдей қолдану керек, өсімдік көшеттерін шығаруға шірінді құмыраларында өсіру керек және басқа прогресшіл агротехникалық тәсілдерді қолдану керек, өнеркәсіп орындарының жылу қалдықтарын пайдалана отырып, парник-теплиця шаруашылығын едәуір ұлғайту керек.

Москваның, Ленинградтың төңірегінде, Донбаста, Оралда, Кузбаста, еліміздің басқа да өте ірі өнеркәсіп орталықтарында өсімдік-картоп базаларын кеңейтуге және нығайтуға ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Бізге бау-бақша шаруашылығы мен жүзімдікті едәуір өркендетуге, көлемді жерлерге жаңа бау-бақшалар мен жүзімдіктер салу ісін ұйымдастыруға, шай, цитрус жемістерін, жемістер мен жидектерді өндіруді және мемлекетке тапсыруды ұлғайтуға шұғыл шаралар істеу керек.

Партия мал шаруашылығын мейлінше тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік маңызы бар және нәзір ауыл шаруашылығында ең шұғыл міндет болып табылады деп үйретеді. Көп совхоздарда мал шаруашылығы төмен дәрежеде жүргізіледі, төлейтін малдың көп қысыр қалуына, төлдің көп шығын болуына жол берілуде, жемшөп базасы нашар, жемшөп дақылдарының шығымдылығы өте төмен, құнарлы азықтар — сүрленетін азықтар, тамыр-жемістер, картоп аз өндіріледі. Көп совхоздардың басшылары мал шаруашылығында істің табысты болуы көбінесе құнарлы азықтар болуына байланысты екендігін ұмытып жүр.

Біздің міндетіміз — мал шаруашылығын өркендетудегі жеміргісіз артта қалғандықты ең қысқа мерзімнің ішінде жою және мал санын мықтап қайтадан көбейту және малдың, құстың барлық түрлерінің өнімділігін арттыру болып табылады. Бұл үшін әрбір совхозда берік жемшөп базасын жасау керек, көк конвейерді енгізу керек, сүрлеуге арнап жүгері егуді молайту керек, жай және құнарлы азықты дайындау жоспарын сөзсіз орындау керек, мал қораларын салу жөніндегі тапсырманы орындау керек.

Озат совхоздар мал санын көбейтуде, оның өнімділігін арттыруда ірі табыстарға жетті және әрбір 100 гектар егістікте, шалғын мен жайылымда өнім алуын жоғары көрсеткіштеріне жетті.

«Омский» совхозы бұған айқын мысал. Ол 1953 жылы әрбір сыйырдан 5400 килограмнан артық сүт алды және мемлекетке 22 мың 291 центнер сүт тапсырды. Әрбір 100 гектар ауылшаруашылық жерлерінен бұл совхоз 369 центнерден сүт тапсырды. Совхоздың коллективі мұндай көрсеткіштерге мална жемді мол беру және малды дұрыс күту нәтижесінде жетті. Мұнда малды қолда-лагерьде бағу қолданылады. Совхозда берік жемшөп базасы жасалды, сүрлеуге арнап жүгері өсіру ісі игерілді. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін негізгі өндіріс жұмыстары механикаландырылды. Істің нәтижелі болуын өз ісін сүйетін тұрақты мамандығы жоғары машиналар кадрлары шешеді.

«Омский» тұқым мал совхозының, сол сияқты, Москва жанындағы «Лесные поляны», «Горки-II», «Никоновский» совхоздарының, Сталин облысының «Октябрьская революция» совхозының, Ставрополь өлкесінің «Советское руно» совхозының, еліміздегі басқа да озат совхоздардың жұмыс тәжірибесін зерттеу және игеру — совхоз мал шаруашылығын оған сайын өркендету жолында ілгері қарай қалам

Біздің ісіміз әрбір совхозда бар аса зор резервтерді қажырлылықпен ашып, мейлінше толық пайдалану, ғылымның және алдыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын өндіріске барынша толық енгізу, барлық совхоздарды үлгілі және жоғары рентабельді шаруашылықтарға тезірек айналдыру болып табылады.

(Совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуінен).

Ашық хат

Округтік сайлау комиссияларына

Біздер, төменде қол қоюшылар, әрқайсымыз жеке-жеке әртүрлі кәсіпорындардан, колхоздардан, мекемелерден және әртүрлі облыстар мен округтер сайлаушыларының сайлау алдындағы кеңестерінен бірқатар сайлау округтері бойынша біздерді ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынғандығы туралы осы округтерде дауысқа түсуге ризалық беруді сұраған хаттар мен телеграммалар алдық.

Біздер кандидатураларымызды ұсынған барлық жолдастарға — сайлаушыларға көрсеткен сенімі үшін шын жүректен алғыс айтамыз.

Заң бойынша біздердің әрқайсымыз тек бір сайлау округінде ғана дауысқа түсе алатын болғандықтан, біздер, коммунистер және СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, СОКП Орталық Комитетінен нұсқау сұрадық. СОКП Орталық Комитеті біздерге мына сайлау округтерінде дауысқа түсуге ризалық беруді ұсынды:

Буденный С. М. — Одақ Советіне, Украин ССР-і, Хмельницкий облысы, Шепетовка сайлау округі,

Булганин Н. А. — Ұлттар Советіне, Москва қаласы, Москва қалалық сайлау округі,

Василевский А. М. — Ұлттар Советіне, РСФСР, Воронеж сайлау округі, **Ворошилов К. Е.** — Одақ Советіне, Ленинград қаласы, Киров сайлау округі, **Жуков Г. И.** — Одақ Советіне, Свердлов облысы, Төменгі-Тагиль сайлау округі, **Каганович Л. М.** — Одақ Советіне, Ташкент қаласы, Ташкент-Ленин сайлау округі,

Кириченко А. И. — Одақ Советіне, Киев қаласы, Киев-Ленин сайлау округі, **Маленков Г. М.** — Одақ Советіне, Москва қаласы, Ленинград сайлау округі, **Микоян А. И.** — Ұлттар Советіне, Ереван қаласы, Ереван-Сталин сайлау округі, **Михайлов Н. А.** — Одақ Советіне, Москва қаласы, Киев сайлау округі, **Молотов В. М.** — Одақ Советіне, Москва қаласы, Молотов сайлау округі, **Перухин М. Г.** — Одақ Советіне, Тбилиси қаласы, Тбилиси-Калинин сайлау округі,

Пономаренко П. К. — Ұлттар Советіне, Алматы қаласы, Алматы қалалық сайлау округі,

Поспелов П. Н. — Ұлттар Советіне, РСФСР, Курск сайлау округі, **Сабуров М. З.** — Одақ Советіне, Минск қаласы, Минск қалалық сайлау округі, **Суллов М. А.** — Одақ Советіне, Саратов қаласы, Саратов-Ленин сайлау округі, **Хрущев Н. С.** — Одақ Советіне, Москва қаласы, Калинин сайлау округі, **Шаталин Н. Н.** — Одақ Советіне, Владимир облысы, Александров сайлау округі, **Шверник Н. М.** — Ұлттар Советіне, РСФСР, Свердлов сайлау округі, **Шелепин А. Н.** — Ұлттар Советіне, РСФСР, Солтүстік сайлау округі,

СОКП Орталық Комитетінің бұл ұсыныстарын біздер орындауға қабыл алдық. Осыған байланысты тиісті сайлау комиссияларынан біздердің осы мәлімдемемізді депутаттыққа кандидаттар тіркегенде документ ретінде қарауды сұраймыз.

БУДЕННЫЙ С. М.
БУЛГАНИН Н. А.
ВАСИЛЕВСКИЙ А. М.
ВОРОШИЛОВ К. Е.
ЖУКОВ Г. И.
КАГАНОВИЧ Л. М.
КИРИЧЕНКО А. И.
МАЛЕНКОВ Г. М.
МИКОЯН А. И.
МИХАЙЛОВ Н. А.

МОЛотов В. М.
ПЕРУХИН М. Г.
ПОНОМАРЕНКО П. К.
ПОСПЕЛОВ П. Н.
САБУРОВ М. З.
СУЛЛОВ М. А.
ХРУЩЕВ Н. С.
ШАТАЛИН Н. Н.
ШВЕРНИК Н. М.
ШЕЛЕПИН А. Н.

6 февраль, 1954 жыл.

әрбір 100 гектар егістікке, шалғын мен жайылымға ауылшаруашылық өнімін аз өндіреді. Бізде ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің әрбір 100 гектарына өнімді көрсінлес колхоздардан едәуір кем беріп отырған совхоздар әлі аз емес.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совхоздарға жоғары талаптар қойып отыр. Совхоздар өкі- үш жыл ішінде өздерінің жұмысын түбірінен жақсартуға, астық, ет, сүт, жүн, овош, картоп және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің өндірілуін және мемлекетке тапсырылуын мықтап арттыруға тиіс.

Біздің ісіміз әрбір совхозда бар аса зор резервтерді қажырлылықпен ашып, майлінше толық пайдалану, ғылымның және адыңғы қатарлы тәжірибенің табыстарын өндіріске барынша толық енгізу, барлық совхоздарды үлгілі және жоғары рентабельді шаруашылықтарға тезірек айналдыру болып табылады.

Біздер, совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылар, өз жұмысымыздың тығыз міндеттерін талқылап, өз совхоздарымызға қайтқаннан кейін жұмысшылармен, мамандармен, механизаторлармен бірлесе отырып, әрбір совхоз бен бөлімде, әрбір бригадада, әрбір фермада барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру және мал шаруашылығын өркендету жөнінде нақтылы міндеттемелер белгілеуді ұйғардық. Біз совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық социалистік жарысының белсенді ұйымдастырушылары болуды өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

Жолдастар!

Совхоздардың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, агрономдары, зоотехниктері, малдәрігерлері, инженерлері, техниктері мен механизаторлары, барлық қызметкерлері, біз сіздерді еліміздің совхоздары алдына партия мен үкметтің қойған міндеттерін үнемі орындау жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырамыз.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі — астық шаруашылығы болып табылады, деп көрсетеді.

Астық өндіруді арттырудың аса маңызды резерві — тың жерлер мен тыңайған жерлерді игеру болып табылады.

1954 жылы совхоздар Қазақстанның, Оралдың, Сибирьдің, Поволжьеңің аудандарында кемінде 4 миллион 300 мың гектар тың жерлер мен тыңайған жерлерді жұртуға, бұл жерлерді 1955 жылдың егісіне арнап бидай егу үшін әзірлеуге тиіс. Алдағы жылы совхоздар мемлекетке астық тапсыруды кемінде 2 есе арттырулары керек.

Біздер, Бүкілодақтық кеңеске қатысушылар, жаңа жерлерді игерудің бүкіл мемлекеттік маңыздылығын ұғына отырып, осы үлкен және жауапты міндетті орындауға белсене қатынасу және жаңадан ұйымдастырылып жатқан совхоздарға бұл істе практикалық көмек көрсету әрбір совхоз қызметкерлерінің абройлы ісі деп санаймыз. Біз бұл совхоздарға өздеріміздің таңдаулы кадрларымызды жібереміз.

Жолдастар, совхоздардың тракторшылары, комбайншылары, трактор бригадаларының бригадирлері, мамандары, біз сіздерді Қазақстанның, Оралдың, Сибирьдің, Поволжьеңің жаңа жерлерін игеруге өз еңбегіңізбен қатынасуды шақырамыз!

Бізге дәнді дақылдардан мол өнім алып отырған озат совхоздар бар. Мысалы, Краснодар өлкесінің «Кубань» совхозында дәнді дақылдардың орта шығымдылығы өткен жылы гектарынан 23,5 центнер болды. Челябинь облысының «Петропавловский» совхозында 1953 жылы 23 гектар бидайдың әрбір гектарынан 20 центнерден өнім алынды. Сонымен қабат, көп совхоздар егін өнімін аз алып отыр, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру жоспарын жылдан-жылға орындамай келеді.

Артта қалған совхоздарды озаттардың дәрежесіне жеткізу — астық өндірісін арттырудың зор резервін іске қосу деген сөз. Біз мұны қысқа мерзімнің ішінде орындай аламыз және орындауға тиістіміз. Осы мақсатпен, ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің агротехникасын едәуір жақсарту керек, барлық егіс жұмыстарын неғұрлым қысқа, агротехникалық жағынан өте жақсы мерзімде, жоғары сапалы етіп орындауды қамтамасыз ету керек, тыңайтқыштарды қолдануды көп арттыру керек, тұқым себу нормаларын мүлтіксіз орындай отырып, жақсы сапалы сортты тұқым себу керек, жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егу керек.

Бидай егісінің көлемін барынша ұлғайта отырып, біз, сонымен бірге, жүгері, дәнді, жемшөп, бұршақты, жарма, майлы дақылдарды, мақтаны және басқа техникалық дақылдарды өндіруді едәуір арттыруға міндеттіміз. Істі ұйымдастырғанда бізде астықтың және басқа дақылдардың шығымдылығы жөнінде жоспарды орындамай отырған бірде-бір совхоз болмайтынды етіп ұйымдастыру керек.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совхоздардың алдына картоп пен овош дақылдарының егіс көлемін ұлғайту, олардың шығымдылығын мықтап арттыру міндетін қойды. Быйылғы жылы бұрынғының үстіне 154 совхоз, овош пен картоп өндіруге көшірілетін болады. Барлық совхоздардың және бәрінен бұрын овош және овош-сүт совхоздарының овош пен картоп шығымдылығы және бұларды мемлекетке тапсыру жөніндегі жоспарларды орындап ғана қоймай, едәуір асыра орындайтын болулары керек.

Бұл міндетті ойдағыдай орындаудың бізде тамаша үлгілері бар. Москва түбіндегі Горький атындағы совхоз овош дақылдарын өсірудің озат тәсілдерін қолдана отырып және бұл салада жұмысты кеңінен механикаландыра отырып, овоштан жылыма-жыл мол өнім алуда. 1953 жылы совхоз орта есеппен әрбір гектардан 362 центнерден өнім алды және мемлекетке 15 мың тонна овош тапсырып, жоспарын 153 процент орындады. Совхоз өткен жылы 6 миллион сомнан астам пайда түсірді. Овоштардың өзіндік құны жоспардағыға қарағанда үштен бір мөлшерде кемітті.

Осы деген сөз. Өрбір совхоздың коллективі жақ шаруашылығы жөніндегі жоспардың толық және асыра орындауын қамтамасыз етіп отыруға міндетті, совхоздың жұмысында басты көрсеткіш әрбір жүз гектар егістен, шалғын мен жайылымнан өнімнің мол алынуы болуы керек.

Совет мемлекеті біздің совхоздарымызды нәзіргі заманның қуатты техникасымен, тракторлармен, комбайндармен, жер өндізетін, пішен жыйнайтын және басқа ауылшаруашылық машиналармен жабдықтады. Осы мол техниканың көп совхоздарда пайдаланылуы нашар. Біз техниканы пайдалану ісін батыл жақсартуымыз керек, озат механизаторлардың тәжірибесін қолдануымыз керек, барлық тракторшылардың өменалық жұмыс нормаларын орындауын, олардың машиналарға ұқыпты және сүйіспеншілікпен қарауын, машиналарды техникалық жағынан күтуді дұрыс ұйымдастыруларын қажырлылықпен қамтамасыз етіп отыруымыз керек, жанар май үнемделуін қамтамасыз ету керек. Механизаторлардың бірнеше мамандықты меңгеруі жолындағы қозғалысын кеңінен өрістетуге керек. Совхоз қызметкерлерінің шұғыл міндеті — комплексі механизацияны жүзеге асыру, барлық совхоздарды электрлендіру, электр қуатын совхоз өндірісіне кеңінен енгізу болып табылады.

Механизатор жолдастар! Совхоз өндірісінің барлық салаларын онан сайын өркендету үшін қуатты техниканы толық пайдаланайық!

Совхоздардың алдына құрылыс саласында үлкен және жауапты міндеттер қойылды. Мемлекет 1954 жылы совхоздарда өндірістік құрылыстар, тұрғын үйлер және мәдениет-тұрмыс үйлерін салуға 3 миллиард сомдай қаражат бөлді. Өткен жылдардың бірде-бірінде совхоздардың мұндай құрылыс программасы болған емес. Кәзір барлық іс біздерге, совхоз қызметкерлеріне байланысты, құрылыс жұмыстарын біздің ұйымдастыра білуімізге, жергілікті құрылыс материалдары мен ағал дайындай білуімізге байланысты. Біздің абройлы ісіміз — совхоздарда құрылысты үлгілі ұйымдастыру болып табылады. Құрылыс программасының орындалуын қамтамасыз етейік, совхоздардың өндірістік базасын кеңейтейік, жұмысшылардың, мамандардың және қызметшілердің тұрмыс жағдайларын жақсартайық.

Партия мен үкмет өнімнің өзіндік құнын кемітуге және совхоздардың рентабельділігін арттыруға ерекше көңіл бөліп келді және ерекше көңіл бөліп отыр. Озат совхоздар ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыра отырып, шаруашылық есепті қолданып, қатаң үнем тәртібін жүзеге асыра отырып, жоғары рентабельді шаруашылықтарға айналды және мемлекетке мол қор жыйнауда. Мұнымен қабат, көп совхоздарда өнімнің өзіндік құны жоғары, пәсіздікке және көп тиімсіз шығындар жасалуына жол беріледі, мұның өзі мемлекетке үлкен зыян тигізеді. Кейбір совхоздардың басшылары тапсырылған іске жауапсыз қарайды, мемлекеттік қаражатты талан-таражға салуға және пек сүйеушілік пікірлерге жол беріледі. Совхоздардың жұмысындағы мұндай кемшіліктерді батыл жою керек: іске жауапсыз қарауға, басшылықты бюрократтық әдістеріне күрес жариялау керек. Өрбір совхоздың нақтылы жағдайлары мен ерекшеліктерін есепке алмайыпша совхоз өндірісін кеңсеміздікпен жоспарлауға тәуел болмайды. Совхоздардың басшылары мен мамандары әрқашан инициатива көрсетіп, іске творчестволықпен кірісуі керек, үнем тәртібін мүлтіксіз орындап отыруы керек, шаруашылық есепті қолдануы керек, әрбір совхоздың жағдайында өнім өндіруге жұмсалатын шығынды азайту үшін мүмкіндік тауып отыруы керек.

Барлық совхоздарды үлгілі, жоғары рентабельді шаруашылықтарға айналдыру үшін шаруашылықтың барлық салаларын қажырлылықпен өркендетіп отыру керек, өндірісті ұйымдастыру ісін, егін шығымдылығы мен мал шаруашылығы өнімділігін жақсартып отыру керек.

Совхоздардың шаруашылық жұмысына басшылықты батыл жақсартайық! Барлық совхоздарды үлгілі, жоғары рентабельді шаруашылықтарға айналдырайық! Жолдастар!

Ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жолындағы күресте біздің табыстарға жетуіміз көбінесе көктемгі егіске біздің қалай әзірленіп, қалай өткізетіндігімізге байланысты. Тракторларды, ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын, тұқым әзірлеуді, көң тасуды ешбір кідіртпейтін аяқтау керек, қысқы агротехникалық шаралардың жоспарын орындау керек, біздің кадрларымызды ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің жаңа, неғұрлым прогресшіл тәсілдері мен әдістеріне үйрету керек. Біз мал қыстауды ұйымдасқан түрде аяқтауымыз керек, малдың толық аман сақталуын қамтамасыз ету керек және оның өнімділігін арттыру керек.

1954 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі ашылады. Совхоз қызметкерлерінің көрмеге қатынасу правосы үшін социалистік жарысын өрістетейік. Бүкілодақтық кеңесте РСФСР мен Украинаның, Грузия мен Азербайжанның совхоз қызметкерлері және басқалары социалистік жарысқа түсті. Олардан барлық совхоз орындау жолында совхоздардың, бөлімдердің, бригадалардың, фермалардың және жұмысшылардың арасында жарыс ұйымдастырайық.

Совхоз қызметкерлері қала мен деревняның барлық еңбекшілерімен бірге партия мен үкметтің алға қойған міндеттерін орындауға бел байлап, әзір отыр. Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне берік топтасқан біздер, совхоз қызметкерлері, біздің Отанымыздың қуш-қуатын нығайту үшін және совет халқының гүлденіп көркеуі үшін күшіміз бен еңбегімізді аямаймыз, коммунизм құрылысы ісіне өз үлесімізді қосамыз!

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің IX пленумы туралы

1954 жылғы 5—6 февральда Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің IX пленумы болды.

Пленум «СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын орындаудың барысы туралы» мәселе талқылап, тиісті қаулы қабылдады.

Пленум **Ж. Шахметов** жолдасты Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары қызметінен және **И. И. Афанов** жолдасты Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары қызметінен және бюро мүшелігінен босатты.

Пленум Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары және бюро мүшесі етіп **П. К. Пономаренко** жолдасты сайлады.

Пленум Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары және бюро мүшесі етіп **Л. И. Брежнев** жолдасты сайлады.

VIII пленумының қаулысын өзгертіп, Қазақстан КП Орталық Комитетінің IX пленумы Қазақстан Компартиясының VII съезі 1954 жылғы 16 февральда шақырылғаны деп қаулы алды.

Қазақстанның 1953 жылғы халық шаруашылығы

Қазақ ССР статистика басқармасы республика халық шаруашылығын өркендетудің 1953 жылғы мемлекеттік жоспарының орындалу қорытындысын шығарды.

Қазақ ССР өнеркәсібінің жалпы өнімі 1952 жылғымен салыстырғанда 30 процент өсті. Өнеркәсіптерде жалпы өнім шығарудың жылдық жоспары 97 процент орындалды. Халық көп тұтынатын өнеркәсіп товарларын шығару жоспары 101 процент, азық-түлік товарлары — 99,7 процент орындалды.

Өнеркәсіп өнімінің аса маңызды түрлерін шығару, оның ішінде халық тұтынатын товарлар шығару 1952 жылғымен салыстырғанда мынадай мөлшерде артты: металл кроватьлар — 42 процент, мебельдер — 14, жүн маталар — 9, мақта маталар — 25, былғары аяқкиім — 9, пима аяқкиімдері — 4, ет — 7, шұжық тағамдары — 8, мал майы — 15, өсімдік майы — 22, балық (аулау) — 12, кондитер тағамдары — 16, қант (усақ қанттар) — 6, макарон тағамдары — 23, консервілер — 14 процент.

Өнеркәсіптің жеңіл және тамақ өнімдерін өндіру салаларында шығарылған өнімдердің сапасының біраз дәрежеде жақсаруымен қатар, көптеген кәсіпорындар өнімдерінің бір азы түрлері жағынан еңбекшілер тілегіне сай емес нашар сапада шығарылды, товарлардың сыртқы түрлерін жақсарту үшін қажетті шаралар қолданылмады. Өресе, тігін және трикотаж бұйымдар, аяқкиімдер, мебельдер шығаруда нашар сапалы өнімдер көп кездесті.

Өнеркәсіптің кейбір салаларында қолда бар өндіргіш құралдарды толық пайдаланбағандықтан, көптеген кәсіпорындардың жұмыстарында бірқалыпты және еңбек ұйымдастыру нашар ұйымдастырылғандықтан өндірістің өсуі баяу болды.

Көмір, мұнай, борат өндіру, болат, түсті және болат прокаттарын, бензин, феррохром, суперфосфат, фосфорит ұны және сульфат шығару тапсырмасы асыра орындалды.

Колхоздар мен совхоздардың егін алаңы біраз өсті. Дәнді дақылдар себу жоспары асыра орындалды. Колхоздар бойынша бидай егетін алаңдар көлемі 5 процент артты. Қант қызылшасы, құнбағыс және басқа техникалық дақылдар, сол сыяқты, картоп және овош дақылдары егілетін алаңдар көлемі артты.

Өресе, совхоздарда көпжылдық және біржылдық шөптер, мал азығындық тамыржемістері мен сүрленетін дақылдардың егіс көлемі артты. Бірақ, мұнымен қатар, колхоздар біржылдық, көпжылдық шөптер, мал азығындық тамыржемістерін егу жоспарын орындай алмады. Сол сыяқты, шөп шабу тапсырмалары да орындалмады.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарын механизациялау дәрежесі өсті. Астық және бұршақ дақылдарын егу және жыйнау 96 процент механикаландырылды. Барлық шабылған табиғи және қолдан егілген шөптер алаңының 73 проценті трактор шөп машиналарымен шабылды. Бірақ, МТС-тер мен ММПС-тер трактор жұмыстарының жоспарын орындай алмады.

Еңбекшілерге өнеркәсіп және азық-түлік товарларын сату айтарлықтай ұлғайды. Халық тұтынатын өнеркәсіп товарларын сату барлық товар айналымының 55 процентіне жетті. Халық көп тұтынатын товарлардың мемлекеттік бағасын арзандату колхоз рыноктерінде ауылшаруашылық өнімдері бағасының кемуін және ол өнімдерді сатудың ұлғаюын тудырды.

Қалаларда жеті жылдық оқудан жалпыға бірдей орта білім алуға және селолық жерлерде жалпыға бірдей жеті жылдық білім алуға көшу жөнінде алға қойылған міндетке сәйкес бесінші — оныншы класстардағы оқушылар саны 1953—1954 оқу жылында 11 процент, оның ішінде VIII-X класстарда оқушылар саны 41 процент артты.

Жоғары, орта және басқа да арнаулы оқу орындары 1952 жылғыдан 11 процент артық мамандар даярлап шығарды.

Өткен жазда 127 мың балалар пионер лагерлерінде, балалар санаторийларында, туристік базаларда дем алды.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Аса маңызды және құрметті жұмыс

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы селода партия аппаратының жаңа структурасын белгілеп, аудандық партия комитетінің МТС бойынша топ қызметкерлерінің алдына аса зор міндет қойды. Топтың құрамындағы нұсқаушылардың міндеті партия қарарларының орындалуын ұйымдастырып, партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмысты сентябрь Пленумы қойған талапқа сай ұйымдастыру жөнінде бастауыш партия ұйымдарына, олардың секретарьларына көмек көрсету болып табылады. Демек, нұсқаушы өзінің бүкіл жұмысында аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарымен, коммунистермен, колхозшы, жұмысшы бұқарасымен байланысын үнемі ұлғайтып, нығайта беруге тиіс. Бұл—өте маңызды және құрметті жұмыс. Міне, осындай партиялық жұмысты атқаруға маған сенім білдірілді.

Мен аудандық партия комитетінің секретары бастаған топта нұсқаушы болып істеймін. Маған Булаев МТС-нің қамтуындағы «Страна Советов», Ленин атындағы және Сталин атындағы колхоздар бекітіліп берілді. Өзіме бекітіліп берілген колхоздарға барып, біраз жұмыстар істедім. Ең алдымен аталған шаруашылықтардың жайымен танысып, сол колхоздарда жұмыс жүргізу жоспарын жасадым. Бұл жоспарды аудандық партия комитетінің секретарьлары талқылап, оған қажетті қосымша мәселелер енгізіп бекітті. Жоспарды өзімнің жұмысыма негіз етіп алдым.

Істің мүддесі басқа колхоздарға қарағанда, соңғы кезде Ленин атындағы колхозда ұзақ болып, колхоз басқармасы мен партия ұйымына көмек көрсетуді қажет етті. Ленин атындағы колхоз партия ұйымына жұмыс жоспарын жасауға, онда сентябрь Пленумының қаулысын насихаттау, коммунистердің авангардтық ролін арттыру, комсомолецтер мен еңбеккер арасындағы саяси жұмыс мәселелеріне ерекше назар аудару жөнінде кеңес бердім. Мұнан кейін партия ұйымының жоспары бойынша партия жыйналысын өткізуге, онда мал қыстату маусымының барысы жөнінде мәселе қарауға көмектестім.

Жыйналыстың барысында коммунистер мал фермаларында мал азығын өлшен, дайындап беруде кемшіліктер бар екенін, кейбір коммунистерді екінші дәрежелі жұмыстан босатып, фермаларға жіберу қажет екенін айтты. Партия жыйналысы мал қыстату маусымының жайын жақсарту үшін тағы да екі коммунисті: Ж. Шәкенов, Қ. Тоқтаров және комсомолец Б. Керімов жолдастарды мал фермаларына жіберуді ұйғарды. Бұл жолдастар кезір мал шаруашылығында тікелей жұмыс істеп, мал өсірушілер арасында бұқаралық-саяси жұмыстар жүргізуде.

Колхоз мал өсірушілерінің өндірістік жыйналыстарында Преснов ауданы, «Путь к коммунизму» колхозы мүшелерінің үндеуі талқыланды. Олар пресновтықтардың үндеуін қызу қуаттап, қоғамдық малдың, әсіресе, сауын сыйырлардың санын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөнінде көтерілген міндеттемелер алып, социалистік жарысқа ұштасты.

Колхозшылардың еңбекке қатысуы жайымен танысып, 1953 жылы 43 адамның тиісті еңбеккүн мөлшерін таппағанын білдім. Бұлардың көпшілігі колхоз активтерінің семьялары: олардың ішінде колхоз есепшісі Әлжановтың әйелі Нұрапегіс бригадасының бригадирі Сәрсенбаевтың әйелі Рәш, ферма меңгерушісі Ш. Шахановтың әйелі Зейнеп және тағы басқалары бар.

Колхозшылардың жалпы жыйналысында тиісті еңбеккүн мөлшерін таппаған колхозшылар жөнінде мәселе талқыланды. Оларды колхозшылар қатаң сынға алды, колхоз өндірісіне үзбей қатысуды талап етті. Жыйналыстан кейін мен тиісті еңбеккүн мөлшерін таппаған колхозшы әйелдермен әңгіме өткізіп, оларға СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын түсіндірдім. Айта кету қажет, колхозшылардың жалпы жыйналысы мен менің әңгімем тиісті нәтижесін берді. Көзір бұрын тиісті еңбеккүн мөлшерін таппаған колхозшы әйелдер Сәтбаева, Бекина, Шәймерденова, Әкбарова, Рамазанова және басқалары қар тоқтату, тұқым тазалау жұмыстарына белсене қатысатын болды.

Колхозды ауылда бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту мақсатымен партия ұйымына үгітшілер құрамын іріктеп алу және оларды тәрбиелеу жөнінде көмек көрсетілді. Үгітшілердің соңғы нұсқау-кеңесінде сайлау аясындағы саяси жұмысты кеңінен өрістетуге, оны колхозшылардың өндірістік міндеттерімен байланыстыра жүргізу жөнінде баяндама жасадым.

Ленин атындағы колхозда он күндей болып, алғашқы жүргізілген жұмыстарым, міне, осындай. Көзір Сталин атындағы колхозда болып, ондағы партиялық-саяси және шаруашылық жұмыстарға көмектесу мақсатын қойып отырмын.

Әрине, менің алғашқы жұмысым нұсқаушыға қойылатын зор талапты орындаудың кейбір қадамдары ғана. Колхоздағы партиялық-саяси жұмыстың жайымен онан әрі жақсарту үшін барлық білімім мен күшімді аямаймын. Нұсқаушыға қойылған зор талаптың дәрежесінде болу үшін өзімнің саяси білімім мен партиялық жұмыстағы тәжірибемді үнемі байытып отыру қажет екенін жақсы білемін.

Х. САЛИН,

ҚКП Булаев аудандық комитетінің нұсқаушысы.

Үгіт пункттерінде

Преснов ауданы, Спасское селосында 14 мұғалім үгітші болып істейді. Бұл

Вагон участогінің қабырға газеті

Петропавл вагон участогі партия ұйымының инициативасы бойынша 1950 жылдан бастап, вагон депосының партия, кәсіподақ ұйымының органы — «За здоровый вагон» атты қабырға газеті шыға бастады. Міне, сол уақыттан бері бұл газеттің 700-ден астам номері шықты.

Қабырға газетінің автор коллективімен байланысы күн санап өсіп келеді. Автор коллективінің құрамында слесарьлар, токарьлар, мастерлер, инженер-техниктер және өндіріс озаттары бар. Мәселен, слесарьлар Кузнецов, Ранеев, бригадир Графеев, техник Зинченко жолдастар газеттің тұрақты, белсенді тілшілері болып саналады.

«За здоровый вагон» газеті өндіріс озаттарының тәжірибесін, жанышылдардың ұсынысын, депосың алдыңғы қатарлы адамдарының мақаласын ұйымдастырып отырады. Газет социалистік жарысты ұйымдастыруда, жұмыста ақау жіберушілермен күресте және депода еңбек тәртібін нығайтуда партия, кәсіподақ ұйымына күнбе-күн практикалық көмек көрсетіп келеді.


Вагоншылар өздерінің газетін сүйіп оқиды. Онда жарияланған сын мақалалар партия, кәсіподақ ұйымдарында және өндіріс жыйналыстарында талқыланады. Бұған бір мысал келтірейік. Осы жылдың январь айында газет вагон жөндеу цехында жұмыс уақытының дұрыс пайдаланылмайтыны жөнінде мәселе көтерді. Бұл мақала вагон депосы кәсіподақ комитетінің мәжілісінде талқыланып, жұмыс уақыты дұрыс пайдалану жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Сонымен депода еңбек ұйымдастыру ісі жақсара түсті.

Газет цехтардағы жұмыс орындары жөнінде де дабылды жиі көтереді. Өткен жылы утиль цехында, әсіресе, Шкуратов жолдастың бригадасында жұмыс орны тар болғандықтан жұмыста көп кедергі кездесті. Біркелкі станоктерде бір мезгілде 10 адам жұмыс істеді, бірақ, олардың арасында қорғаныс торы болмады.

Бұл жөнінде қабырға газетінің бетінде сын мақала жазылды. Газет сыны цехтың өндірістік жыйналысында талқыланды. Осының нәтижесінде станоктердің арасына қорғаныс торлары орнатылды.

«За здоровый вагон» газеті редколлегиясының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Газет күн сайын шығып тұруға тиіс еді. Бірақ, редколлегия мүшелері ол міндетті қамтамасыз ете алған жоқ. Бұған партия ұйымы да жеткілікті дәрежеде көңіл аудармай келді. Соның салдарынан 1952 жылы газеттің 170 номері шығарылған болса, 1953 жылы 100-дей ғана номері шығарылды.

Жақында вагон депосының партия ұйымы газеттің күн сайын шығып тұруын қамтамасыз ету жөнінде арнаулы мәселе қарай, редколлегияның жұмысын жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар белгіледі. Жаңа жылдан бастап газеттің редколлегия құрамы толықтырылды.



Тоқшын ет совхозында жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлері үшін бірнеше тұрғын үй салынған болатын. СҮРЕТТЕ: совхоздың орталық усадьбасында мамандар үшін салынған жаңа Суретті түсірген А. Розенштейн.

Колхозшылардың мәдени-тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеудеміз

Біздің селолық Советтің қамтуында Буденный атындағы ауылшаруашылық артели бар. Колхоздың ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайына байланысты колхозшылардың материалдық-тұрмыс жағдайы да жақсара түсті. Селолық Совет еңбекшілердің мәдени тілегін қанағаттандыру мақсатымен быйылғы жылы көптеген жұмыстар жүргізді.

Буденный атындағы колхоз Полудень ауданындағы ірі колхоздың бірінен саналады. Колхозда мәдени-ағарту мекемелері де аз емес. Селода 350 кісілік клуб бар. Клуб селолық Совет және колхоз басқармасының көмегімен селодағы шын мәніндегі мәдениет орталығы болып отыр. Мұнда колхозшылар үшін аптасына 2—3 рет кино көрсетіліп отырады. Әсіресе, колхозшыларға еліміздің социалистік ауыл шаруашылығы озаттарының іс тәжірибелерін, ғылым мен техниканың соңғы табыстарын, ғылым мен тәжірибенің байланыстылығын көрсететін ауылшаруашылық және ғылыми фильмдер көрсету ісі жақсартылды.

Сол сияқты, мұнда колхозшыларға арналған сауық кештері үнемі өткізіліп тұрады. Бұл кештерде клубтың көркемөнер үйірмесінің мүшелері село еңбекшілеріне ойындар қойып көрсетеді, концерт береді.

Колхозшылар арасында еліміздің ішкі, сыртқы жағдайлары және шаруашылық, саяси, ғылыми тақырыптарда лекциялар оқу ісі жолға қойылған. Мәселен, село активтері колхозшыларға арнап быйылғы жылы ауыл шаруашылығы тақырыбына 8, денсаулық сақтау тақырыбына 6, тағы басқа тақырыптарда 5 лекция оқыды. Лекция оқуға селодағы ауылшаруашылық, денсаулық сақтау мамандары мен жетіжылдық мектептің оқытушылары атсалысады.

Селода кітапхана бар. Мұнда 1400 данадан астам саяси және көркем әдебиет

шылар арасында бірнеше рет саяси тақырыпта лекция оқыды.

Селолық Советтің мәдени-ағарту жұмыстары туралы тұрақты комиссиясы еңбекшілердің мәдени қажетін толық өтеуде қажырлылықпен еңбек етуде. Бұл комиссияның мүшелері колхозшылар арасында мәдени-бұқаралық жұмысын жүргізуде, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуде бастауыш партия ұйымы мен селолық Советтің атқару комитетінің сенімді тірегі. Мәселен, олар селода радиоторабын орнату жолында көп жұмыстар істеді. Колхозда радиоторабы орнатылып, ол үзбей жұмыс істеуде. Сол сияқты, селолық магазиннің жұмысын жақсартуда да айтарлықтай жұмыстар істеді. Ал, селолық Советтің мәдени-ағарту жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссиясының председателі депутат Олешкин жолдас колхоздың мал фермаларында қызыл мүйіз ұйымдастырып, малшылар үйлеріне радио орнатты.

Өткен жылы селолық Совет колхозшылар үшін жаңадан 4 үй салуды жоспарлаған болатын. Бұл жұмыс селолық Советтің депутаты Кондратов жолдасқа тапсырылған-ды. Селолық Совет активтерінің көмегі арқасында быйылғы жылы Буденный атындағы колхоздың колхозшылары 11 жаңа үй салып алды.

Колхозда дәрігерлік пункт бар. Быйылғы жылы мұнда мал дәрігерлік пункті және акушерлік пункт ашу жоспарланып отыр. Бұл пункт үшін қажетті үй кезір толық жөнделді. Пункт жуық арада жұмыс істейтін болады.

Селолық Совет өткен жылы мәдени жұмыстары үшін көп қаржы бөлген болатын. Бұл қаржы белгіленген мақсатқа толық жұмсалды. Быйылғы жылы біздің селолық Совет мәдени жұмыстары үшін 14 мың сомнан астам қаржы жұмсауды белгілеп отыр.

ССРО-МЕН САУДА ҚАТЫНАСЫН КЕҢЕЙТУГЕ ДАНИЯДАҒЫ ҚҰШТАРЛЫҚ

КОПЕНГАГЕН, 6 февраль. (СОТА). «Национальтиденде» газеті 4 февральда Фолькетингте болған қамсыздандыру жөніндегі комитеттің мәжілісінде сауда министрі Лис Гросс кәзіргі уақытта үкімет Совет Одағымен сауда қатынасын ұлғайтудың мүмкіншілігін іздестіруде деген хабарды расқа шығарды, деп жазады. Сол сияқты, министр ханым кәзір Данияда Герман Демократиялық Республикасы делегациясының жатқандығын, делегация жеке меншікті фирмалармен товар алмастыруды едәуір ұлғайту туралы келіссөздер жүргізуде деп хабарлады.

«Металарбейдерен» журналының соңғы номерінде ұсталар кәсіподағы председателінің мақаласы жарияланды. Ханс-С. Трасмуссен Совет Одағымен Швеция, Бельгия, Англия және басқа елдер жасасқан шарттарды атап көрсетіп, үкімет тарапынан үлкен белсенділіктің көрсетуін талап етеді және Москваға сауда делегациясын жіберуді ұсынады.

«Информашон» газеті Англияның іскер топтарының Москваға баруы Данияда орасан зор әсер тудырды деп хабарлайды.

Данияда, көп жазады газет, ағылшын делегациясының жұмысын ерекше назар қойып бақылауда. Енді мұндай делегацияны Даниядан да жіберу мүмкіншілігі нақтылы түрде талқыланатын болады.

«Берлинские тиденде» газетіне сөйкес, қамсыздандыру жөніндегі комитеттің мәжілісінде Лис Гросс ұзаққа созылған экономикалық құлдырау Еуропаға өзінің ықпалын тигізеді деп мәлімдеген. Бұл экспорт саласында бәсекелесудің шиеленісуіне және қыйыншылықтардың өршуіне өкеліп соғады, олай болса, өнеркәсіп қыйыншылықтарының көбеюіне өкеледі деген сөз.

Сауда министрінің осы сөйлеген сөзіне түсінік бере келіп, «Национальтиденде» және «Ланд ог фольк» газеттері өздерінің түсініктерінде АҚШ экономикасындағы құлдыраудан және ол Дания экономикасына керісінше ықпал тасайтындығынан үкіметтің хауіптенетіндігін атап көрсетеді.

ВЬЕТНАМДАҒЫ СОҒЫСТЫ ТОҚТАТУ ҮШІН ФРАНЦИЯДАҒЫ КҮРЕС

ПАРИЖ, 6 февраль. (СОТА). Хо Ши Мин үкіметімен бітім келіссөздерін жүргізу арқылы Вьетнамдағы соғыс қыймылдарын тоқтату үшін күреске француз жұртшылығының көптеген топтары барған сайын қосылуда. Осы күрестің барысында коммунистер мен басқа партиялар мүшелерінің арасында қыймыл бірлігі қалыптаса түсуде.

«Юманите» газетінің жазуына қарағанда, француз компартиясы федерацияларының, сол сияқты, Вогева департаментінің «Халықтық-республикашыл қозғалысы» (МРП) партиясының секретарьлары халықтың бірлігіне бастау беруді ұсынады.

лауының Ережесін сайлаушыларға жете түсіндіруде.

Селода жұмыс күні біткеннен кейін сайлаушылардың үгіт пунктіне жыйналуы әдетке айналды. Мұнда олар саяси тақырыпта баяндама тыңдайды. Газет, журналдарды оқып, шахмат-дойбы ойнап, мәдениетті түрде дем алады, өздерінің жұмыс тәжірибелерін ортаға салып, пікір алысады.

Үгіт пунктінде кезекші бар. Ол сайлаушылардың түрлі сұрақтарына жауап береді. Олармен әңгіме өткізеді. Соңғы бір әңгімені жетіжылдық мектептің мұғалімі, үгітші Әмриев жолдас өткізді.

—Спасское селосы көркейіп, өсіп келеді,—деп бастады ол, өзінің кезекті әңгімесін. —Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында село еңбекшілерінің мәдени тұрмысы жақсарды. Селода жаңадан жетіжыл-

«Сталин жолы» колхозының (Преснов ауданы) үгітшілері сайлау алдындағы саяси үгітті кеңінен өрістетуде. Колхозда 20 үгітші бар. Олар сайлау Ережесі, ССРЭ Конституциясы және басқа тақырыптар-

жұмыс істеді.

Советтік Конституция совет адамдарына білім алуға, дем алуға, сайлауға, сайлануға право берді. Жетіжылдық мектепті бітірген колхозшылардың балалары көзін жоғары оқу орындарында оқып, дәрігер, мұғалім, инженер және агроном мамандығын меңгеруде.

Бұдан кейін Әмриев жолдас өзінің әңгімесін колхоз өмірімен байланыстырды. Сентябрь Пленумы алға қойған міндеттердің Спасское селосында қалай іс жүзінде асырылып жатқанына тоқталды. Үгітшінің әңгімесін сайлаушылар зейін сата тыңдады.

Әңгімеден кейін қарт сайлаушылар Кудеев, Андриенко жолдастар Октябрь революциясына дейінгі село тұрғындарының ауыр халі жөнінде айтты. Бұдан кейін сайлаушыларға көркемөнерпаздардың күшімен концерт берілді.

А. ПШЕНИЧНЫЙ.

да бірнеше рет әңгіме өткізді.

Колхозда үгіт пункті жабықталды. Оны жетіжылдық мектептің мұғалімі, коммунист Н. Сатин жолдас басқарады.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Оған қолынан іс келетін, қабілеті бар адамдар тартылды. Газеттің жауапты редакторы болып коммунист И. Ломзов, ад. редколлегияның секретары болып Б. Шведова жолдастар бекітілді.

«За здоровый вагон» газеті редколлегиясының мүшесіне 34 адам сайланды. Бұлардан 6 сменалық редколлегия ұйымдастырылды. Әрбір сменалық редколлегияның жұмысын смена редакторы басқарады. Әр редколлегия апта сайын газеттің бір номерін шығарады. Бұл шаралар ай сайын газеттің 24—25 номерін шығаруға мүмкіндік береді.

Редколлегияда ай сайын жұмыс жоспары жасалады. Онда еңбек озаттарының жұмыс тәжірибесін жазу, сын мақалалар ұйымдастыру сияқты күрделі мәселелер қамтылады. Сөйтін, жоспар партия ұйымында бекітіледі.

«За здоровый вагон» газеті партия ұйымының басшылығымен вагоншыларды еңбектегі жаңа табыстарға жігерлендіре береді.

Г. МАКСИМОВ,

Петропавл вагон участогі партия ұйымының секретары.

кітаптары жыйнақталған, ауыл шаруашылығы туралы әдебиеттер де аз емес. Колхозшылар кітапхананың белсенді кітап оқушылары болып табылады. Көзін мұнда 170 колхозшы тұрақты кітап оқушы.

Селодағы Ново-Никольск жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективі колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізуде селолық Совет пен бастауыш партия ұйымына зор көмек көрсетуде. Мәселен, мектеп директоры Соколов жолдас быйылғы жылдың өзінде колхоз-

Қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінде әдебиет, тарих, география, химия, шахмат және спорт үйірмелері оқу жылының басынан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді.

Жуырда әдебиет үйірмесінде 8—10 класс оқушылары үшін Галина Николаеваның «Егін орағы» деген романы бөйынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді.

Тарих үйірмесінде оқу жылы басталғанда «Суворов—ұлы қолбасшы», Сталин—

Мектептегі үйірмелер

Колхозшылардың мәдени-тұрмыс қажетін толық қанағаттындыру—селолық Совет активтерінің бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі. Ново-Никольск селолық Советінің активтері бұл игілікті міндетті жете түсініп, оны жүзеге асыру жолында айтарлықтай жұмыстар жүргізуде.

И. ШЕГАЛЕВ,

Ново-Никольск селолық Советінің председатели, Полудень ауданы.

Ұлы Отан соғысы кезінде» деген тақырыптарға баяндамалар жасалды. Сол сияқты, география үйірмесінде де түрлі тақырыптарға баяндамалар жасалып тұрады.

Мектепте шахмат бойынша өткізілген жарыстарға оқушы шахматшылар белсене қатысады. Жуырда өткізілген шахмат жарысына 14 жас шахматшы қатысып, 10-класс оқушысы М. Шарипов бірінші орынды жеңіп алды.

С. САУЫТБАЕВ.

Колхоз клубы

Преснов ауданындағы «Баян» ауыл-шаруашылық артелінің клубы жөнделгендіктен көптен бері жұмыс істемей келді. Колхоз партия ұйымы бұл мәселеге жете көңіл бөліп, колхозшылардың жұмыстан бос уақытта мәдениетті дем алуына қолайлы жағдай туғызуды тиісті шараларын қарастырды.

Колхоз басқармасы клуб үйін жөндеуге арнаулы қаржы бөліп, жөндеу жұмыстарының сапалы аяқталуын қамтамасыз етті. Жуырда осы 4 бөлмелі клуб пайдалануға берілді. Мұнда кино көрсетіні, би билейтін залдар бар. Ал, бір бөлмеге кітапхана орналастырылған.

О. МҰХАМЕТҚАЛИЕВ.

А. ЖҰМАБАЕВ.

ған, онда былай делінген: «Келіссөз қажет. Оның мүмкін екендігіне біз сендіреміз. Бұл Кореядағы келіссөздердің мысалымен дәлелденіп отыр, келіссөздерден Хо Ши Мин үкметі бастартадымыс деп дәлелдеуге ешқандай негіз жоқ.

Келіссөздер соғыс жүргізіп отырған екі жақ: француз үкметі мен Хо Ши Мин үкметінің арасында тоқтаусыз жүргізілуге тиіс. Келіссөздерді бастау үшін және оны ойдағыдай аяқтау үшін француз үкметіне тәсілдің қандайын да болса да қолдануға тура келеді.

Коммунистер, социалистер және МРП мүшелері бірлесіп қол қойған шақыруға Воеза департаментінде қол қою басталды.

АМЕРИКАН—ПАКИСТАН СОҒЫС ДОВОРОНЫНА ҚАРСЫ БИВЕННИҢ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ПАРИЖ, 6 февраль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабары бойынша, ағылшын лейборист партиясы сол қанатының басшысы Бивен Құрама Штаттардан соғыс көмегін алудан Египетті сақтандырған.

Египеттің «Аль-Гумхурия» газетінде жарияланған мақаласында Бивен Құрама Штаттар мен Пакистан арасындағы соғыс келісімін сынаған.

Егер Құрама Штаттармен соғыс келісімін Пакистан жасаған күнде, Пакистан ұшырағалы отырған хауіптерге толық тоқтап, Бивен Қыйыр Шығыстағы американы саясатын сынға алған. Оның дәлелдеуі бойынша, американы саясаты Азияның барлық халықтарын соғысқа тарту мақсатын көздеп отыр.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Колхозшылардың еңбеккүндері дұрыс есептелсін

Колхозшылардың еңбеккүндерін дұрыс есептеу—аса маңызды міндет. Қоғамды мүдделер мен жеке мүдделерді ұштастыру, демек, еңбеккүнді дұрыс есептеу, оның құнын арттыру арқылы колхозшыларды творчестволық еңбекке ынталандыра түсу—ауыл шаруашылығын партия мен үкмет алға қойған талаптарға сай өркендетуге жағдай жасайды.

Біздің облыс көлемінде колхозшылардың еңбеккүндерін дұрыс есептеуде үгіт көрсетуші колхоздар аз емес. Мысалға, Соколов ауданындағы «Победа», Преснов ауданындағы Молотов атындағы, Маленков атындағы колхоздарды алуға болады. Бұл колхоздарда қоғамдық шаруашылық нығайып, еңбеккүнді құны өсіп, жылдық кіріс миллион сомнан асты. Әрине, мұндай жетістіктер еңбек ұйымдастыру тәртібінің жақсартылуы мен еңбеккүнді орынды жұмсаудың нәтижесі.

Қоғамдық шаруашылықты өркендетуде, еңбеккүнді дұрыс есептеуде мұндай табыстарға облыстың барлық колхоздарында жақсы нәтижеге ие болуға болатын еді. Бірақ, іс жүзінде бұлай болмай отыр. Колхоз шаруашылығын жан-жақты өркендетудің негізгі формасы—өндірістік тұрақты дала бригадасы болса, бірқатар колхоздарда дала бригадасын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге жол беріліп келеді. Мәселен, Пришим ауданындағы «Путь Ленина» колхозында өткен жылдың бес айы ішінде үш дала бригадасының бригадирлері және сыйыр малы фермасының үш меңгерушісі ауыстырылған. Солай болғандықтан да бұл колхозда колхоз-

шылардың еңбеккүндерін есептеуде елеулі кемшіліктің орын алуы кездесіп отыр. Мұнда, өткен жылдың бірінші тоқсанында сыйыр малы фермасында жұмыс істейтін колхозшыларға 211 еңбеккүн нормадан тыс жұмсалған. Булаев ауданы, Сталин атындағы колхоздың басшылары колхозшыларға еңбеккүн жазуды есепші Исатаева жолдасқа тапсырған да, оның жұмысына ешқандай бақылау жасалаған. Ал, Исатаева жолдас колхозшыларға еңбеккүнді күн сайын жазып отырмаған. Өткен жылы сегіз ай ішінде ағаш шебері Құрамов, күс өсіруші Москвина жолдастарға бірде-бір еңбеккүн жазылмаған. Ал, өндірістен қол үзбей жұмыс істеп жүрген ұста Жавин жолдасқа осы уақыт ішінде 65-ақ еңбеккүн жазылған. Мына фактілерді айтып өткен жөн. Мұнда егер екі колхозшы 5 центнер астықты 10 метр қашықтыққа жеткізсе де немесе 100 центнер астықты 25 метр қашықтыққа жеткізсе де оларға 0,75 еңбеккүн жазылып келген. Мұның өзі колхозшыларды еңбек өнімін арттыруға ынталандырмай, қайта оған керісінше әсер еткен.

Бірқатар колхоздарда еңбеккүн істелген жұмыс мөлшерімен есептелінбей, тәулік бойына ғана есептелінеді. Преснов ауданы, Ленин атындағы колхоздың мүшелері Ралямовқа егін жыйнау науқанында—144, Баймұқановқа—217 еңбеккүн өткен жылы осылайша есептелініп жазылған. Петропавл ауданы, Буденный атындағы колхоздың басқармасы колхоз шоферіне жұмыс істеген күні—3, ал, жай күні—1,5 еңбеккүн жазуға ұйғарған. Ленин

ауданы, Сталин атындағы колхозда председатели мен есепшілерге еңбеккүн есептеуде белгіленген тәртіп бұрмаланған. Осы аудандағы «Путь к социализму» колхозының балық аулайтын бригадасы колхоз материалынан тоқылған ауды жыл сайын өздерінің меншікті мүліктері ретінде пайдаланып келеді. Бригада мүшелері ауланған балықтың көпшілігін өздері алып қалады да колхозға оның азын өткізеді. Өткен жылы осы фактілер еске алынбай балықшылар Лабинге—225, Ржевскийге—107 және Трубинге—70 еңбеккүн орынсыз есептелген.

Колхоздың тексеру комиссиясы колхозшылардың еңбегін нормалау, еңбеккүн жазу және оған ақы төлеуге үнемі бақылау жасап отыруға міндетті. Алайда, көптеген колхоздардың тексеру комиссиялары өздерінің міндеттеріне мемлекеттік тәртіп тұрғысынан қарамай келеді. Алдымен олардың өздері жұмыстарында өрескел қателіктер жіберіп жүр. Мысалға, Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының тексеру комиссиясын алайық. Комиссия председатели Мансуров жолдас өзіне және тексеру комиссиясының басқа да мүшелеріне артық еңбеккүн есептеуге жол берген.

Кейбір колхоздарда тамыр-таныстық, туысқандықпен бір-біріне «көмектесу» фактілері де жоқ емес. Булаев ауданындағы «Вторая пятилетка» колхозының председатели Жарин жолдас колхоз өндірісіне мүлдем қатыспаған, бірде-бір еңбеккүн таппаған өзінің қарындасы Сороколетке еңбеккүн жазғызып, 2,40 центнер астық бергізген.

Аталған кемшіліктердің орын алуының негізгі себебі—колхоз басқармалары мен тексеру комиссиялары колхозшылардың еңбегін нормалауды, еңбеккүн есептеуді, оған ақы төлеуді мемлекет белгілеген сис-

темаға негіздемейді. Кейбір колхоздардың басшылары бұл мәселе жөнінде ескірген нұсқауларды пайдаланудан әлі де арыла алмай келеді.

Еңбеккүн жұмсау мәселесімен аудандық Советі атқару комитеттері де шұғылданып, бұл жөнінде колхоздарға көмек көрсетіп отыруға тиіс. Бірақ, бірқатар аудандық Советі атқару комитеттері бұған назар аудармай келгенін айта кету керек. Мәселен, Булаев және Ленин аудандарының аудандық Советі атқару комитеттері өткен жылы колхоз басқармалары мен тексеру комиссиялары мүшелерін қатыстырып, бір рет те еңбек нормалаудың мемлекеттік тәртібінің сақталуы, колхозшыларға еңбеккүннің жазылуы жөнінде арнаулы мәселе қараған жоқ. МТС директорлары мен мамандары да бұл аса маңызды істен тыс қалуда. Бұл кемшіліктерге төзімділік жасауға болмайды.

Колхоздардың тексеру комиссиялары әрбір тоқсан сайын колхозшыларға еңбеккүн есептелуінің барысын тексеріп отырулары қажет. Тексерістің нәтижесі колхоз басқармасының мәжілісінде, колхозшылардың жалпы жыйналысында талқылануға тиіс. Бұл іске ауыл шаруашылығы мамандарының жауапкершілігін күшейткен жөн. Еңбеккүн жұмсаудың жақсы жолға қойылуы еңбек өнімділігін арттыра түседі, колхозшылар арасында еңбек ұйымдастыру тәртібін нығайтады.

Еңбеккүнді дұрыс есептеу еңбеккүн құнын арттыруға, жылдық табысты молайтуға, қоғамдық шаруашылықты Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына сай нығайтуға мүмкіндік туғызады.

Ф. КУРОВСКИЙ,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының нұсқаушы-бухгалтері.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.